



**Автор:** Шайкенова Жайнагүл Аманкелдіқызы

**Пән:** Жаратылыстану

**Сынып:** 4-сынып

**Бөлім:** Заттар мен олардың қасиеттері

**Тақырып:** Заттардың қасиеті қалай өзгереді?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.1.2 құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу;
Сабақтың мақсаты:	Түрлі үдеріс кезінде заттардың қасиеттері өзгеретінін түсінеді.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік терминология мен тірек сөздер Таттану, шіру, жану
Күтілетін нәтиже:	Құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алуды біледі.
Бағалау критерийлері:	Заттардың басқа затқа айналуы қалай жүретінін біледі; Түрлі үдеріс кезінде заттардың қасиеттері қалай өзгеретінін түсіндіреді; Заттар қасиетіне байланысты қалай қолданылатынын анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық. Өз денсаулығын күту және саламатты өмір салтын сақтау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Физика, химия, дүниетану
Бастапқы білім:	Заттардың әртүрлі үдеріс кезінде қасиеті өзгеретінін біледі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Топқа бөлу: 1-топ: «Ақпарат беруші » 2-топ: «Зерттеуші » 3-топ: «Ізденуші» 4-топ: «Тәжірибе жасаушы» Шаттық шеңбері Алдыңғы білімді еске түсіру	
Сабақтың ортасы (27 минут)	Топтық жұмыс. 1-топ: Жент (қоспа) көрсету. - Жент (қоспа) дегеннің не екенін білесіңдер ме? Оны жеп көрдіңдер ме? - Женттің құрамындағы заттарды ата. - Қалай жасалатынын еске түсіріп көр. Дескриптор: -Женттің не нәрсе екенін біледі; -Женттің пайдасын біледі; -құрамын неден жасалғанын біледі; 2-топ: Зерттеу жұмысы. Ағаш жаңқасын жағуды мұғалім басшылығымен өткізетінін ескерту. Зерттеу нәтижесін тіркеу үшін үлгідегідей дайын кесте ұсыну. Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулықпен таныстыру КБ. Мұғалімнің ауызша кері байланысы Жұптық жұмыс. 1. Сүт тасып, пеш бетіне төгілген кезде не болады? 2. Қағаз жанған кезде не болады? 3. Ойлан, тап	
Сабақтың соңы (5 минут)	Қорытындылау: Ағаш жапырағы жыл бойы қалай өзгереді? Осындай үдерістер кезінде жаңа зат түзіле ме? Жапырақтың қасиеті өзгере ме?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 минут)	Рефлексиялық кезең. Кері байланыс.	